



Жалдағаш Жаршысы



«zhaldagash-zharshysy.kz»
ақпараттық ағемімізі

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1934 жылдың 10 қаңтарынан бастап шығады

Аймақ жаңалықтары

Қызылордада облыс әкімі Мұрат Ергешбаев, «Seven Rivers» серіктестігінің құрылтайшысы Ануар Үмбетбаев, қорғау органдарының бірінші басшылары, құрылыс компанияларының директорлары, зиялы қауым өкілдері және ел ағаларының қатысуымен «Seven Rivers» компаниясы шыны ыдыстар зауытының капсұласын салу рәсімі өтті. Бұл – өңірдегі шыны кластерін дамытуға бағытталған маңызды өндірістік бастаманың бірі. Зауыт әлемдік деңгейдегі «Hopi» неміс технологиясымен жабдықталып, заманауи әрі экологиялық талаптарға сай өнім өндіреді. Рәсімде облыс әкімі аймақта инвестициялық жобалардың қарқынды жүзеге асырылып жатқанын атап өтті.

Шыны ыдыстар шығаратын зауыттың іргетасы қаланды



– Өткен аптада Мемлекет басшысының қабылдауында болып, инвестициялық жобаларды таныстырдым. Президентіміз бұл бағыттағы жұмыстарды жалғастыруға қатысты нақты тапсырмалар жүктеді. Жақында Премьер-министрдің бірінші орынбасары қызметіне тағайындалған Нұрлыбек Машбекулы облысты басқарған тұста өңір экономикасына 2,3 трлн теңгеден астам инвестиция тартылды. Алдағы үш жылда 1,9 трлн теңгеге 48 инвестициялық жобаны жүзеге асыру, 10 мыңнан аса жаңа жұмыс орнын ашу жоспарланған. Өткен аптада ғана «Марал Нұр» серіктестігінің вагон жөндеу және техникалық қызмет көрсету кешенін аштық. Бүгін испандық «Рока групп» компаниясының жылына 500 мыңға дейін санитарлық-техникалық өнім шығаратын жоғары технологиялық зауытының капсұласын салдық. Еліміз, өңіріміз үшін маңызды жаңа өндіріс орындары экономиканы артараптандыруға, тұрғындарымыздың өмір сүру сапасын арттыруға жаңа серпін береді деп сенемін, – деді облыс әкімі Мұрат Нәлқожаұлы.

Шарада облыс прокуроры Ризабек Ожаров, «Seven Rivers» серіктестігінің құрылтайшысы Ануар Үмбетбаев сөз сөйлеп, мемлекет және қоғам қайраткері Биғали Қаюпов бата берді.

Айта кету керек, «Қазақ-Герман» бизнес-форумы аясында ынтымақтастықты дамыту туралы меморандумға қол қойылып, 60 млрд теңгеге жылына 240 миллион дана шыны ыдыс өндіретін зауыт салу келісілген болатын. Кәсіпорында 500-ден астам жаңа жұмыс орны ашылады деп жоспарлануда.

Зауытқа барлық инженерлік инфрақұрылымы жүргізілген «Өндіріс» индустриялық аймағынан 38 гектар жер телімі бөлінді. Қаржыландыру мәселесі «Өнеркәсіпті дамыту қорының» «Жасыл даму» бағдарламасы аясында қарастырылуда. Ел аумағынан жиналған шыны қалдықтарын қайта өңдеу арқылы бөсекеге қауіпті өнім шығару және импортты алмастыру көзделген.

Бұдан бөлек өңірдегі жоғары сапалы кварц құмы, өк және доломит қорларын тиімді пайдалану арқылы шыны өндірісі төңірегінде жаңа ілесіп кәсіпорындарды дамытуға мүмкіндік туады. Жаңа өндіріс орны өңірдің өнеркәсіптік әлеуетін арттыруға, экспорт көлемін ұлғайтуға және тұрғындарды тұрақты жұмыспен қамтуға үлесін қосады деп күтілуде.

Автожолдардың жай-күйі мобильді зертханамен тексерілуде

«Жол активтері сапасының ұлттық орталығы» РМК Қызылорда облыстық филиалы мамандары республикалық маңыздағы автожолдарды мобильді зертханамен тексеруге шықты. Қыс-көктемнен кейін жолдардың жай-күйі мен сапасын зерделеу – жыл сайын жүретін маңызды процесс.

Арнайы заманауи құрылғылармен жабдықталған жылжымалы зертхана алдымен өңір аумағына тиесілі KAZ-06 «Қарабұтақ-Қызылорда-Шымкент» автожолына тексеру жүргізді. Жалпы трассаның жай-күйі бірнеше параметр бойынша анықталады. Жалпы ұзындығы 800 шақырымнан асатын жолды диагностикалық тексеру барысында кейбір аралығында автожолдың көлденең және тік еңістері, асфальттың көдір-бұдырлығы, ауыр жүк көліктерінен пайда болатын жол іздері мен шұңқырлар тіркелген. Бұл – аймақ жолдарында жиі кездесетін кемшілік.

– Мобильді кешен толықтай автоматтандырылған. Бұл жүйе жасанды интеллект арқылы жұмыс істейді. Жолдың кез келген кемшілігін аса дәлдікпен анықтап, мезетінде арнайы базаға түсіріп отырады, яғни адам фактор жоқ. Жолдағы көліктердің интенсивтік көрсеткішіне дейін шығарып береді. Біз базаға түскен ақпараттарды тізбектеп, анықталған ақауларды қайта қалпына келтіру бойынша тиісті мекемеге ұсыныс жібереміз және жол күйімізін айналысатын мердігер анықталған кемшіліктерді түзетіп отырады, – дейді ЖАСҰО инженері Нұржан Бекжігітов.

Қазіргі таңда орталық мамандары республикалық маңыздағы «Қызылорда-Жезқазған» автожолына диагностикалық тексеру жүргізуде. Мобильді кешен анықтаған ақаулар жол салушы мердігер компанияларға жіберіледі. Себебі былтыр ғана ел игілігіне берілген күрежолдың 5 жылдық кепілдік мерзімі бар.

Нұрай БЕКМҰРАТ,
Қорқыт ата атындағы
Қызылорда университетінің
Ж-25-3 тобының студенті

Мәжіліс

Балалардың жазғы демалысы – басты назарда

Ауданда 2025-2026 оқу жылының қорытындысы қандай? Биыл балалар жазғы демалысын қайда өткізеді? Осы және өзге де сұрақтарға аудан әкімі Ардақ Ибраимовтың төрағалығымен өткен мәжілісте жауап алдық. Күн тәртібіндегі маңызды мәселелерге тоқталған аудан әкімі жауапты сала басшыларына бірқатар міндет жүктеді.

– Үкімет отырысында қаралған мәселелер бойынша аймақ басшысы тарапынан нақты тапсырмалар берілді. Барлық тапсырма сапалы әрі уақытылы орындалуы тиіс. Жазғы демалыс кезеңінде барлық үйірме мен спорттық секциялардың тұрақты жұмысын қамтамасыз етіңіздер. Балалардың қауіпсіздігіне ерекше мән беріліп, лагерлердегі санитарлық талаптар мен қауіпсіздік шаралары толық сақталуы қажет. Сонымен қатар мемлекеттік бағдарламалардың ауданда орындалу барысын тұрақты бақылауда ұстап, межелеңген көрсеткіштердің сапалы орындалуын қамтамасыз ету керек, – деді аудан әкімі А.Ибраимов.

Биыл ауданда 470 оқушы мектеп бітірді. Оның 414-і ұлттық бірыңғай тестілеуге қатысуға өтініш берген. Түлектердің 20-сы «Алтын белгіге» үміткер, 42 оқушы «Үздік аттестатқа» ұсынылған. Сонымен қатар биылғы оқу жылында республикалық ауыл мектептеріне арналған олимпиаданың облыстық кезеңіне 106 оқушы қатысып, оның 22-сі республикалық кезеңге жолдама алды. Нәтижесінде республикада 8 оқушы жүлделі орын иеленіп, оның ішінде 3 оқушы алтын медаль иегері атанса, 2 оқушы күміс медаль, 3 оқушы қола медаль жеңіп алды.

Ие, жазғы демалысты оқушылар асыға күтеді. Жас жеткіншектердің жазғы демалысын ұйымдастыру – маңызды шараның бірі. Сондықтан аудан әкімі тиісті сала басшыларына балалардың қауіпсіздігін басты назарда ұстап, жазғы тынығуды балаларға тиімді етіп өткізу қажеттігін тілге тиек етті. Сонымен қатар жазғы тынығу лагерінде бірінші кезекте



жетім және ата-ана қамқорлығынан айырылған балалар, сондай-ақ аз қамтамасыз етілген отбасылардың балалары толық қамтылу қажеттігін қаперге салды.

Биыл 27 мамыр мен 20 маусым аралығында 20 мектеп бойынша 2 ауысымда 2 250 бала ыстық тамақпен, 450 бала ыстық тамақсыз мектеп жанындағы тынығу лагерлерінде болады. Барлығы 2 700 баланы ата-ана және демеушілер есебінен қамту жоспарлануда. Мұнан бөлек Шымкент қаласындағы «Балдәурен» республикалық лагеріне 50, Қызылорда қаласындағы «Ай-Көгіт» білім беру-сауықтыру орталығына 83, Жаңақорған ауданындағы «Талдысу» лагеріне 100 бала жіберіледі. Бұл бағытта аз қамтамасыз етілген отбасы балалары ата-аналар, демеушілер мен меценаттар қолдауымен қамтылмақ.

Сондай-ақ облыстық квота есебінен республикалық «Балдәурен» және «Бөбек» лагеріне 47 баланы жіберу жоспарланған. Жазғы демалыс кезінде облыстан тыс танымдық экскурсиялар

да ұйымдастырылады. Атап айтқанда, Жетім және Түркістан қалаларына ата-ана есебінен 2 920 баланы барады. Жалпы биыл жазғы демалыс шараларымен 6 352 баланы қамту жоспарланып отыр.

Айта кетейік, аудан орталығындағы «Ақтөрек» сауықтыру лагері бір ауысымда 80 баланы қамтиды. Лагерь аумағында жалпы 5 ғимарат орналасқан. Оның 4-еуі жатын орына арналған, мұнан бөлек 80 орындық арнайы асхана жұмыс істейді. Сонымен қатар ашық спорт алаңы, сыртқы бассейні, мәдени іс-шаралар өтетін орындар қарастырылған. Жаз бойы мұнда 6 ауысыммен 452 баланы қамту жоспарланған. Оның ішінде 402 бала міндетті оқу қоры есебінен, 50 бала кәсіподақ есебінен қамтылады. Әр ауысым уақыты – 10 күн. Мұнда танымдық-логикалық, спорттық жарыстар өтіп тұрады. Одан бөлек биік сергіту, ой сергіту және танымдық бағытта түрлі ойындар ұйымдастырылады.

Жылы соңында аудан әкімі балалардың жазғы демалысын сапалы әрі

мазмұнды ұйымдастыру және қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша жауапты сала басшыларына нақты тапсырмалар жүктеді.

Айта кетейік, облыста да оқушылардың жазғы демалысын тиімді ұйымдастыру жоспарланған. Биыл аймақта 15 мыңнан астам оқушы жазғы тынығу лагерлерінде, 164 964 бала мектеп жанындағы лагерлерде демалады. Ал еліміз бойынша жаз мезгілінде 11 135 демалыс орталығы жұмыс істеп, 3 млн 200 мың бала демалыс және сауықтыру шараларымен қамтылады. Оның ішінде 44 мыңнан астам бала жыл бойы жұмыс істейтін 20 орталықта, 168 мың бала 187 маусымдық орталықта, ал 2 млн 990 мың бала 10 928 мектеп және мектептен тыс ұйым жанындағы демалыс орталықтарында болады. Сондай-ақ республикалық «Балдәурен», «Бөбек» орталықтарында халықаралық, республикалық пәндік және IT-олимпиадалардың, шығармашылық және спорттық жарыстардың жеңімпаздары қатарынан 5 мың бала сауықтыру және дамыту шараларына қатысады. Ал өңірлерде осындай қолдау 370 мың дарынды балаға ұйымдастырылады. Сонымен қатар әлеуметтік аз қамтылған отбасылардан шыққан 729 мың бала, ерекше білім беруді қажет ететін 52 700 бала, педагогикалық назарды қажет ететін 17 100 бала жазғы демалыспен қамтылады.

Мұнан бөлек мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасына сәйкес жазғы демалыс кезеңінде балалардың экологиялық мәдениетін, цифрлық дағдыларын және оқу сауаттылығын дамытуға бағытталған жобалар жүзеге асырылуда. Атап айтқанда, «Жасыл сабақтар» жобасы аясында экологиялық ақциялар, танымдық және тәжірибелік іс-шаралар ұйымдастырылып, жасөспірімдер «Жасыл өл» жасақтарында, мектеп пен кәсіпорындарда уақытша жұмыспен қамтылады.

Сееда ЖОЛМАНОВА,
Қорқыт ата атындағы
Қызылорда университеті
Ж-25-5 оқу тобының студенті

1-маусым – Халықаралық балаларды қорғау күні

Балалық – болашақтың бақытты бейнесі

«Баланың күлкісі – әлемнің ең әсем әуені» дейді дана халқымыз. Расында сәби үні естілген шаңырақта шаттықтың шуағы төгіліп, мейірімнің мөлдір бастауы ағады. Өмірдің мәні мен сәнін кіргізетін де – бала. Өйткені әрбір бүлдіршін – ертеңгі елдің иесі, ұлттың үміті, болашақтың жарқын келбеті.

Жыл сайын маусым айының алғашқы күнінде аталып өтетін халықаралық балалар күні – бүлдіршіндерге деген құрмет пен қамқорлықтың белгісі. Бұл мереке тек ойын-күлкі мен қуанышқа ғана емес, бала құқығын қорғау, олардың алаңсыз өмір сүруіне жағдай жасау секілді маңызды міндеттерге назар аударатын тағлымды күн. Себебі бала – қоғамның ең нәзік әрі ең қымбат байлығы.

«Бала – бауыр етің» деген сөз бекер айтылмаған. Қазақ халқы қашанда ұрпақ тәрбиесіне айрықша мән берген. «Баланы жастан» деп тәрбиенің бастауын бесіктен бастаған халқымыз сәби жүрегіне адамгершілік пен ізгіліктің дәнін себуді парыз санаған. Ана әлді мен әже ертегісі, еке енегісі мен ұстаз тәлімі – баланың болмысын қалыптастыратын асыл құндылықтар.

Бала – ата-ана өмірінің жалғасы, жүрегінің үміті, шаңырағының шырағы. Әр перзент өке мен ананың ізін жалғап, отбасының ғана емес, тұтас елдің абыройын асқақтататын азамат болып өсуі тиіс. Сондықтан баланың мейірімге бөленіп, ата-ананың аялы алақанын сезініп өсуі – оның болашағына берілген ең үлкен тәрбие. Себебі мейіріммен суындап өскен бала жүрегі жұмсақ, жаны ізгі, адамгершілігі биік болып қалыптасады.

Қазақ халқы «Ата көрген оқ жонар, ана көрген тон пішер» деп бекер айтпаған. Бала ең алдымен отбасындағы тәлім-тәрбиеден өнеге алады. Өкенің адал еңбегі мен ананың ақ пейілі – балаға өмірлік бағыт-бағдар беретін шамшырақ. Сондықтан әр шаңырақта сәби күлкісі сыңғырлап, бесік тербеліп, ұрпақ сабақтастығы үзілмес, елдің де еңсесі биік болмақ.

Балалық шақ – адам өміріндегі ең кіршіксіз, ең мөлдір кезең. Ол – арманға сенетін, жақсылықтан үміт күтетін, жү-



рекке мейірім ұялататын гажайып өлем. Баланың әрбір қуанышы – ата-ананың бақыты. Сондықтан бүлдіршінің жан дүниесін жараламай, олардың бақытты өмісіне жағдай жасау – ізгіліктегі қоғамның басты белгісі.

Бүгінгі бүлдіршін – ертеңгі ғалым, дәрігер, ақын ұстаз, ел қорғайтын ер, халыққа қызмет ететін азамат. Сондықтан олардың білім алып, өнер үйреніп, арманына қанат қағуына мүмкіндік жасау – баршамыздың ортақ міндетіміз. Ел болашағының жарқын болуы да ескелең ұрпақтың саналы тәрбиесіне байланысты. Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы «Балам деген жұрт болмаса, жұртым дейтін бала қайдан шықсын?» деген екен. Бұл – әр қоғамның темірқазығына айналған тағлымды сөз.

Қазіргі таңда елімізде балалардың жан-жақты білім алуына, өнер мен спортқа баулуына, шығармашылық қабілетін дамытуына зор көңіл бөлінуде. Түрлі үйірмелер мен білім ордалары, өнер мектептері мен спорт кешендері

– соның айғағы. Бұл – жас ұрпаққа жасалған қамқорлықтың көрінісі. Себебі мемлекет болашақты білімді, тәрбиелі, рухы биік ұрпақтың қолында.

Халықаралық балалар күні – тек бүлдіршіндер мерекесі ғана емес, үлкендерге жүктелер жауапкершіліктің де еске салынар сәті. Әр бала мейірімге, қамқорлыққа, сүйіспеншілікке лайық. Олардың алаңсыз күлкісі мен шаттыққа толы жанары – бейбіт өмірдің белгісі.

«Балапан ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» дейді халық даналығы. Сондықтан балаға ең алдымен жақсы тәрбие, көркем мінез, адалдық пен еңбек-қорлық қасиеттерін сіңіру маңызды. Тәрбиелі ұрпақ – тұғыры биік елдің кепілі. Ал саналы ұрпақ өсірген халықтың болашағы да баянды болмақ.

Балалар – өмірдің жалғасы, үміттің шырағы. Олардың әрбір арманы асқақ, қиялы қанатты. Бала жүрегіндегі сенімді жоғалтпай, арманына жол ашу – әрбір адамның азаматтық парызы. Өйткені бақытты бала – бақытты елдің белгісі.

Қазақтың заңғар жазушысы Мұхтар Әуезов «Ел болам десең, бесіңді түзе» деген. Бұл сөздің астарында ұлт болашағының тәрбиесін тікелей байланысты екені жатыр. Расында тәрбиелі де білімді ұрпақ – мемлекеттің ең асыл қазынасы.

Әр ұядың төрінде баланың шат күлкісі жаңғырып, әр шаңырақта сәбидің тәтті үні естіліп тұрса, ол – отбасының бақыты мен берекесінің белгісі. Бесік тербелген үйден береке қашпайды. Ұрпағы өнегелі, тәрбиесі тағлымды елдің келешегі де кемел болмақ.

Балалардың күлкісі ешқашан тыйылмасын, олардың арманы асқақтай берсін! Әр шаңырақта шаттықтың үні жаңғырып, әрбір бүлдіршін мейірім мен махаббатқа бөлене берей. Халықаралық балалар күні құтты болсын! Бала күлкісі әлемге қуаныш, жүрекке жылулық сыйлай берсін!

Ләззат ҚАЗМАҒАНБЕТОВА

Сараптама

Ауыл шаруашылығы: 23,8 млн гектарға егін егіледі

Бүгінде шаруалар көктемгі егін науқанын бірыңғайлап қалды. Жердің тоңы жібісімен сүдігерлеу жұмыстарына ерте кіріскен шаруашылықтардың алды бүгінде күрішті толық суға бастырып үлгерді. Су мәселесіне қатысты мамандардың пікірі әлі бұрынғыдай, яғни биыл да аяқсу қат болады. Сондықтан егінді әртарапандыруға әлі де басымдық берілмек. Биыл Қазақстанда қанша гектар алқапқа егін егіледі? Қоймалардағы судың деңгейі қалай? Орта тұста тапшылық байқалса, шаруаларға қайтпек керек? Бүгінгі сараптамалық мақаламызда осындай бірқатар сауалдың түйінін тарқатуға тырыстық.



Суды аз қажет ететін дақылдарға басымдық беріледі

Биыл елімізде 23,8 млн гектар алқапқа ауыл шаруашылығы дақылдары егіледі. Бұл көрсеткіш өткен жылдан 180 мың гектарға артық. Ауыл шаруашылығы министрлігі соңғы жылдары қалыптасқан ахуалға байланысты биыл суды аз қажет ететін дақылдарға басымдық берілгенін айтады. Мәселен, майлы дақылдардың егіс көлемі 4 млн гектардан асады. Ал мал азығын қамтамасыз ететін дақылдарға 3,3 млн гектар арналған. Соңғы жылдары Қазақстанда жүгеріні қайта өңдейтін инвестициялық жобалар құрылысы қарқын алды. Енді аграрлық өңірлерде жүгері алқабын кеңейту жұмыстары жүреді. Бұл шешімді қос қолдап қолдаймыз, өйткені өлгідей ірі жобаларды шикізатпен қамтамасыз ету қажет. Осы ретте биыл жүгері алқабы елімізде 265 мың гектарға ұлғайған. Ие, ірі жобаларды шикізатпен қамту өз алдына бөлек өңім. Бірақ ішкі нарықты қажетті өніммен қамтамасыз ету де күн тәртібінен түспеуі тиіс. Өйткені мұндай мәселелер елімізде бұған дейін бірнеше рет орын алған. Өсіріле бермей-ақ, соңғы 2-3 жылда картоптың нарықтағы бағасы айтарлықтай шарықтағаны бар. Осындай мәселеге жол бермеу үшін биыл картоп алқаптарын тағы 10 мың гектарға дейін ұлғайту көзделіп отыр.

Әртарапандыру әлі де жалғасады

Аяқсу мәселесі биыл да мез емес, сондықтан егінді әртарапандыруға басымдық берілмек. Мәселен, биыл дәнді дақылдар алқабы 127 мың гектарға қысқарады. Оның ішінде бидай 125 мың гектарға қысқармақ, яғни биыл тек 12,1 млн гектарға бидай егіледі. Ал оңтүстік өңірлерде күріш пен мақта алқаптары айтарлықтай азайған. Қазір Қазақстанда күріш көлемі 20,2 мың гектарға қысқарса, ал мақта 162,4 мың гектарға азайған. Оның ішінде тамшылатып суару әдісі 29,8 мың гектарға ұлғайса, дәстүрлі суару 12 мың гектарға қысқарады. Соңғы бес жылда шаруалар аяқсудан айтарлықтай тапшылық көруде. Сағаның соңында орналасқандықтан қалыптасқан мәселеге түсіністікпен қарау керек. Оның үстіне аяқсу тапшылығына өлем де алаңдаулы. Демек, бұл тек Қазақстанда ғана болып жатқан жағдай емес. Елімізде биыл алғаш рет егіс құрылымы нақты су лимитіне сәйкес бекітілуі биыл бұл мәселе өткен жылдардан да күрделі болатынын аңғартады.

Бүгінде Қазақстанда 7 млн гектарға жуық алқапқа егін егілген. Оның ішінде дәнді дақылдар 3 млн гектарды құрайды. Мұнан бөлек 1 млн гектардан астам мақта дақылдары бар. Ал азықтық дақылдар 500 мың гектарды құрайды. Мұнан бөлек көкөніс және картоп өнімдері 206,3 мың гектарға егілген. Ал 200 мың гектарға жуық алқапқа мақта егілді. Егісті әртарапандыру нәтижесінде бұршақ және майлы дақылдар көлемі артты. Енді оларды сақтайтын бөлек қойма қажеттігі туындайтыны заңдылық. Осы ретте суару айынан бастап арнайы қоймалар салуға, жаңғыртуды қаржы

ландыруға өтім қабылдануда. Бұған қатысты арнайы жол картасы жасалған. Бұл мемлекеттік қолдау элеваторлардың сақтау қуатын 1 млн тоннаға дейін ұлғайтуға мүмкіндік бермек.

Шаруалардың техникалық базасы 6,5 пайызға жаңарған

Сала жұмысы серпінді жүру үшін техника жағдайы болуы тиіс, мұнан бөлек шаруаларды жанармаймен қамтамасыз ету жайы өз алдына бөлек өңім. Министрлік егу жұмыстарына техникалар сақадай сай кіріскенін айтады. Ресми деректерді сөйлестек, қазір шаруашылықтардың техникалық базасында 133,9 мың трактор, 5,6 мыңға жуық жоғары өнімді егіс кешені, 74,1 мың тұқымсепкіш, 188,5 мың топырақ өңдеу құралы бар. Мұнан бөлек техникаларды жөндейтін 7 сервистік орталық жұмыс жасайды. Былтыр Қазақстандағы шаруалардың техникалық базасы 6,5 пайызға жаңарған. Биыл бұл жеке 6,5 пайызды құрайды. Бұл жұмыстар өз нәтижесін беруде. Мәселен, былтыр шаруалардың техникалық базасының тозу деңгейі 10 пайызға төмендеген. Осы ретте мемлекеттік қолдау шараларының шаруалар игілігін көріп отырғанын аңғару қиын емес.

Қазір қай саланы алып қарасақ та, Қазақстанда отандық өнімді қолдауға ерекше мән берілуде. Бұл ауыл шаруашылығына қажетті техникалар шығаратын зауыттарға да қатысты. Мәселен, отандық техниканы сатып алу кезінде субсидия 30 пайызды құрайды. Ал импорттық техникаларға бұл жеңілдік 15-25 пайыз көлемінде сақталып отыр. Тіпті лизингтік бағдарламалар да отандық өнімді жарылқап отыр. Министрлік бұл салаға қажетті техникалар дайындайтын зауыттарға оң әсерін тигізіп жатқанын айтады. Мәселен, Қазақстанда 1 жылда ауыл шаруашылығы техникаларын өндіру көлемі 22 пайызға артқан. Биыл өндіріс көлемін 9 мың данаға жеткізу көзделуде. Сонымен қатар Қазақстан нарығына «Класс» «John Deere» және «Amazon» секілді әлемдік ауыл шаруашылығы техникаларын өндірушілер көлуде. Жалпы бұл бағыттағы жұмыстар еңбек өнімділігін және өнім сапасын арттыруға айтарлықтай оң ықпалын тигізуде.

Биыл көктемгі егін егу жұмыстарын уақытылы ері сапалы аяқтау үшін шаруалар жеңілдетілген бағамен 402,2 мың тонна дизель отынымен қамтылмақ, мамыр айына дейін 204,8 мың тоннасы шаруашылықтарға үлестірілді. Шаруалар жанармайды нарықтан 15 пайыз төмен бағамен сатып алууда. Ал осы айға 116,3 мың тонна үлестірілсе, келер айға 32,9 мың тонна жанармай беріледі. Бұл бағыттағы жұмыстар Энергетика министрлігінің тұрақты бақылауында.

Тұқым сапасы да министрліктің ерекше бақылауында, биыл тұқымға жалпы қажеттілік 2,3 млн тоннаны құрайды. Егілетін тұқымның сапасын қамтамасыз етуге де мемлекеттік қолдау шаруаларға дем беріп тұр. Оның үстіне биылдан бастап тұқым құнын субсидиялаудың жаңа механизмі енгізілген. Тарқатып айтсақ, отандық тұқымды сатып алуға субсидия

көлемі 10 пайызға артқан. Бірақ бір мәселе бар, биылдан бастап тұқым сапасын мемлекеттік қаражат есебінен бақылау тоқтады, яғни бұл жұмыстар өнді шаруашылықтардың өз қаражаты есебінен жүргізіледі. Сапалы өнім алуға тұқым сапасы маңызды рөл атқарады. Сондықтан «мемлекеттік қаржыландыру тоқтады екен» деп тұқым сапасын бақылау шаралары толастамайды, яғни бұған министрлік жол бермейді.

Биыл шаруаларды 2,3 млн тонна тыңайтқышпен қамту көзделген. Бүгінде 1,3 млн тоннаға жуық тыңайтқышқа келісім-шарт жасалған. Қазіргі таңда шаруалар оның 1,1 млн тоннасына қол жеткізді. Отандық тыңайтқыштар өндіретін зауыттарға қаржылай қолдау алдын ала көрсетілген. Министрлік сондықтан биыл тыңайтқыш тапшылығына жол берілмейтінін айтады. Әлемде қазір тыңайтқыштар бағасы айтарлықтай өскен. Бұл отандық тыңайтқыштардың нарықтағы бағасына да әсер етуде. Осы ретте ішкі нарықтағы тыңайтқыш бағасы елімізде жыл басында алдын ала бекітілді.

Егін егу бір бөлек, ал одан сапалы өнім алу өз алдына бөлек өңім. Сондықтан алдағы уақытта шепірткеге қарсы күрес шараларына да басымдық беру керек. Бұл бағытта министрлік көршілес елдермен тәжірибе алмасу арқылы алдын ала күрес шараларын пысықтап алған. Жалпы алаңы 3,2 млн гектарды құрайды. Қазіргі таңда шепіртке зиянкесіне қарсы шаралар оңтүстік өңірлерде басталып кетті.

Аяқсу мәселесі әлі де күрделі

Былтырғы құрғақшылықтың салқыны биылға әсер етпей қоймайды. Алдағы вегетациялық кезеңге қатысты мамандар осылай дейді. Қазіргі ахуалға келсек, Сырдария өзені бассейнінде, яғни көрші мемлекеттер аумағында орналасқан су қоймаларының қазіргі деңгейі өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырсақ, 1,6 млрд текше метрге кем. Бұл елдегі су тапшылығын күрделендіретіні анық. Тіпті бассейнінің орта және төменгі ағысында су тапшылығын айтарлықтай арттырады. Мұны жауапты министрлік те ресми түрде мойындап отыр. Шу және Талас өзендерінің бассейндерінде де қазіргі жағдай дәл осындай. Бүгінде ондағы «Киров» су қоймасы небәрі 78 пайызға толған. Ал «Орта-Тоғай» су қоймасының деңгейі 83 пайызға жетіп жығылады. Сондай-ақ Талас өзені бассейнінде су нормадан төмен болады деп болжанып отыр. Шу өзені бассейнінде орташа су тапшылығы режимі сақталады. Бұл басөңірлер үшін вегетациялық кезеңде сумен қамтудың төмендігі тұрақты сақталады дегенді білдіреді, яғни жағдай мез емес. Ал Іле өзені бассейнінде жағдай керісінше, яғни ағын көлемі көпжылдық норма деңгейінде қалып отыр, тіпті алдағы уақытта одан жоғары болуы да ғажап емес.

Су ресурстары және ирригация министрлігінің мәліметіне сүйенсек, қазіргі ішкі су қоймаларының толымдылығы тұрақты. Осы айдың басында оңтүстік өңірлердегі су қоймаларында 26,2 млрд текше метр су жиналған. Мұны өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырсақ, 500 млн текше метрге артық. Қазіргі таңда «Шардара» су қоймасының толу деңгейі 99 пайызды құрайды. Қалыптасқан жағдайға байланысты Сыр өліне тұрақты суаруға 3,2 млрд текше метр, Түркістан облысына 3,8 млрд текше метр су лимиті белгіленді.

Соңғы 4 жылда күріш көлемі 19 мың гектарға азайған

Қызылорда облысының вегетациялық кезеңге арналған су лимиті 3 млрд 250 млн текше метрді құрайды. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 650 млн текше метрге аз. Су деңгейінің жылдағыдан төмен болуына орай аймақта 185,8 мың гектарға ауыл шаруашылығы дақылдарын егу жоспарланды. Мемлекет басшысының су үнемдеу тапсырмасына сәйкес, биыл күріш алқабы 10,9 мың гектарға қысқарды, яғни былтырғы 10,9 мың гектар алқапқа Сыр салысы егіледі.

Жалпы Қызылорда облысында күріш көлемі биыл ғана азайған жоқ. Соңғы төрт жылда күріш көлемі 19 мың гектарға азайған. Оның орнына суды аз қажет ететін дақылдарға басымдық берілуде, оның ішінде жүгері 15 мың гектарға егіледі. Жергілікті шаруалар биыл дән себуді сеуірдің екінші онкүндігінде бастап кетті. Келер аптаның басы егін егу жұмыстары толық аяқталмақ.

Биыл Сырдағы шаруаларға 65 600 тонна тыңайтқыш қажет. Бүгінде оның 97 пайызы сатып алынды. Ауыл шаруашылығы техникалары егу жұмыстарына 100 пайыз дайын болды. Көктемгі егіске мемлекет тарапынан 10 144 тонна арзандатылған дизель отыны бөлініп, кестеге сәйкес жеткізілуде.

Жалағаш ауданы да соңғы жылдары қалыптасқан мәселеге байланысты көктемгі науқанды алдын ала жоспарлап алды. Биыл ауданда 41 758 гектарға ауыл шаруашылығы дақылдарын егу көзделіп отыр. Оның ішінде күріш 16 800 гектарға егіледі. Мұнан бөлек 576 гектар бидай, 595 гектар мақсары, 50 гектар арпа, 5 гектар сұлы, 152 гектар соя, 7 544 гектар дәнді жүгері, 371 гектар қант құмайы бар. Сондай-ақ 4 850 гектар жаңа жоңышқа егіліп, 8150 гектар ескі жоңышқа күтімге алынды. Қазіргі таңда шаруашылықтардың алды жоңышқаның бірінші орымына орақ салды. Алдағы уақытта 250 гектарға картоп, 1 115 гектарға көкөніс және 1300 гектарға басқа да бақша дақылдары егіледі.

15 мың гектар жер лазерлік тегістеуден өтті

Бүгінде аграрлық ауданда мақсары, бидай, арпа, сұлы, соя, қант құмайы толық егілді. Сонымен қатар 16 800 гектар күріштің 57,3 пайызы толық егіліп, 6 505 гектары суға бастырылды. Күріш егуге қажетті 4 950 тонна күріш тұқымның бүгінде 3 960 тоннасы себу дәрежесіне жеткізілді. Егін орналастыру жұмыстарына 1 155 ауыл шаруашылығы техникасы қатысуда. Шаруашылықтар тарапынан егін орналастыру жұмыстарына қажетті 11 млрд 393,3 млн теңге қаржының бүгінде 10 млрд 470 млн теңгесі дайын.

Көктемгі егін егу жұмыстарына «ГосАгро» сайты арқылы 65 шаруашылықтан 2069,2 тонна жеңілдетілген дизель жанармайына өтім берілді. Қазіргі таңда аудандағы 35 шаруашылық 1030,3 тонна жеңілдетілген дизель жанармайын алып, жұмыс жасауда.

Биыл ауданда 15 мың гектарға лазерлік жер тегістеу жұмыстары жүргізілді. Тәжірибе көрсеткендей, инженерлік жүйелерді лазерлік тегістеу күріш дақылғы егісінде суды үнемдеуде оң нәтижесін көрсетті. Аудан бойынша биыл су үнемдеу технологияларын пайдалану арқылы 2008 гектар жерге ауыл шаруашылығы дақылдары егілді. «АА Агро Қызылорда» ЖШС Қаракөтен ауылдық округінен жер ашып, биыл 7 мың гектар алқапқа жаңбырлатып суару әдісімен жүгері дақылын егуді қолға алуда. Қазіргі таңда мың гектар жерге жаңбырлатып суару әдісімен дәнді жүгері егілді.

Жалпы мемлекет шаруаларға мейлінше қолдау көрсетіп келеді. Тек шешімі тұрған бір ғана мәселе бар, ол – су тапшылығы. Өткен жыл шаруаларға оңай болған жоқ, ал сарапшылар биылғы вегетациялық кезең жылдағыдан күрделі болады деп болжап отыр. Орта тұста мәселе күрделенсе қалай болмақ? Қазір жауапты министрліктер осы сауалға бас қатыруда. Су үнемдеу техникаларын қазір салаға көптеп енгізіп келеміз, егінді әртарапандыруға да амалсыздан барып отырғанымыз өтірік емес. Жерді тегістеу, дәстүрлі суарудан арылу, бәрі-бәрі түптеп келгенде осы аяқсу тапшылығын болдырмаудың қамы. Бірақ мұның бәрі қалыптасқан мәселені түбегейлі шешуге қауқарсыз. Ал аяқсу қат болмау үшін басқа қайтпек керек? Қазір осы сауалдың түйінін тарқату мемлекеттің де, шаруалардың да басты мәселесіне айналды.

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Қазақстан мен Ресейдің Ауыл шаруашылығы министрліктері арасындағы әріптестік одан әрі нығайтып келеді. Екі ел арасындағы келісімдер шепіртке зиянкестеріне қарсы күрес шараларын күшейтуге мүмкіндік беріп отыр. Екі елдің өкілдері жыл сайын мамыр, маусым және шілде айларында шекаралас аумақтарға бірлескен тексеріс жүргізеді. Бұл Қазақстан мен Ресейдің биологиялық және фитосанитарлық қауіпсіздігін қамтамасыз ете отырып, шепірткелердің миграциясының алдын алады. Сондай-ақ карантиндік зиянкестер бойынша да деректер алмасып, жұмыс жүргізіледі. Бұл процесс қазір толық автоматтандырылып, цифрландырылған.

Қазақстан — Ресей: салада ынтымақтастық артқан



Ресей ауыл шаруашылығы саласында Қазақстанның ең ірі сауда серіктесінің бірі болып қала береді. АӨК саласындағы жалпы сауданың шамамен үштен бірі осы елдің үлесіне тиеілі. Өткен жылдың 9 айында тауар айналымы 2 миллиард 800 миллион доллар болды.

– Бұл – тоқтап қалмайтын үдеріс. Себебі Ресей жағында да, Қазақстан жағында да кейбір зиянды организмдер кездеседі. Сондықтан біз бір-бірімізді белгілі бір өнімнің немесе карантиндік объектінің таралуы туралы уақытында хабардар етіп отыруымыз керек, онымен тиімді күресуге мүмкіндік береміз. Бұл жұмыстың жүргізіліп келеді. Біз үнемі байланыстамыз, дәл 28 мамыр күні биологиялық қауіпсіздік жөніндегі әріптестеріміз Мәскеуге барып, карантиндік объектілерге қарсы бірлескен жұмыс мәселелерін талқылады, деді АШМ Агронөрікесіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитеті төрағасының орынбасары Мұрат Іргебаев.

Айгерім АУБАКИРОВА,
Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті
Ж-25-3 тобының студенті

Ветеринарияны дамытудың кешенді жоспары бекіті

Мал шаруашылығының тұрақты дамуын қамтамасыз ету үшін сапалы ветеринариялық қауіпсіздік жүйесін қалыптастыру мақсатында Үкімет 2026-2030 жылдарға арналған ветеринарияны дамытудың кешенді жоспарын бекітті. Тісті қаулыға Премьер-министр Олжас Бектенов қол қойды. Үкіметтің баспасөз қызметінің мәлімдеуінше, кешенді жоспар халық денсаулығын жануарлар мен адамға ортақ аурулардан қорғауға, сондай-ақ жануарларды аурулардан сақтау мен ветеринариялық-санитариялық қауіпсіздікті нығайтуға бағытталған.



– Жүйелі шаралардың нәтижесінде Қазақстанда бүгінде ауыл-африкалық жылқы обасы, африкалық және классикалық шошқа обасы секілді жануарлардың бірқатар аса қауіпті ауруы бойынша тұрақты эпизоотиялық ахуал қалыптасып отыр. Бұл өз кезегінде отандық мал шаруашылығы өнімдерінің экспорттық әлеуетін кеңейтуге мүмкіндік берді, – деді Ауыл шаруашылығы вице-министрі Амангәлі Бердіалин.

Жоспардың негізгі басымдықтары ретінде жануарлардың аса қауіпті ауруларына қарсы күрес, ветеринария мамандарының жалақысын көтеру, ветеринариялық ұйымдардың материалдық-техникалық базасын жарту, экспорттық жеткізілімдерді кеңейту және ішкі нарықты қорғау, зертханалық бақылауды күшейтеу, өнімнің өмірлік циклінің барлық кезеңінде (туған сәттен бастап өмірді өткізуге дейін) қадағалау, ветеринария саласын цифрландыруды кеңейту және ветеринариялық фармацевтика технологияларын дамыту мәселелері айқындалды. Қазіргі таңда елімізде ветеринариялық препараттар өндіретін 21 зауыт жұмыс істейді.

Қазақстан аумағын жануарлардың аса қауіпті ауруларынан қорғау, еліміздің эпизоотиялық тұрақтылығын сақтау және техникалық регламенттеріне сәйкес келмейтін өнімдердің ішкі нарыққа енуіне жол бермеу үшін шекара маңындағы аумақтарда ветеринариялық 67 бақылау бекеті жұмыс істейді.

Былтыр Қазақстан шекарасы арқылы импорттық, экспорттық және транзиттік операциялар барысында мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторлар 700 мың тоннадан астам мал шаруашылығы өнімін тасымалдаған 60 мыңға жуық автотекіті тексеруден өткізген.

«Үдерістерді цифрландыру, сондай-ақ деректерді жинау мен беруді автоматтандыру шеңберінде «Ауыл шаруашылығы жануарларын сәйкестендіру» ақпараттық жүйесіне бастапқы және нақты деректерді ақпараттық жүйеге автоматты түрде тікелей жолдауға мүмкіндік беретін жаңа функционалдар әзірленіп, қолданысқа енгізілді. Олардың қатарында ISZH-MOBILE, TortUlik жүйелері бар. Мал шаруашылығы өнімдерін қадағалауды «Фермадан үстелге дейін» қағидаты бойынша қамтамасыз ету шеңберінде «Ветеринариялық-санитариялық сараптама» модулі жүзеге асырылып отыр. Аталған жүйеге ішкі сауда, зертхана, соя нысандары қосылған. Сонымен қатар қоғамдық тамақтану объектілерін модульге кезең-кезеңімен қосу бойынша жұмыстар жүргізілуде» делінген Үкіметтің хабарламасында.

Бұдан бөлек 2030 жылға қарай Ауыл шаруашылығы министрлігінің аумақтық бөлімшелері мен ведомстволық ұйымдарының материалдық-техникалық жағдайларын 80 пайызға дейін жаңарту және толықтыру жоспарланып отыр. Сондай-ақ жергілікті атқарушы органдарға қатысты ветеринариялық ұйымдар қызметкерлерінің еңбекақы төлеу қоры 1,5-2,5 есеге дейін артады. Былтыр жыл соңында Сенатта өткен Үкімет сағатында ветеринария саласы ақсап тұрғаны айтылған.

Нұрай БЕКМҰРАТ,
Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті
Ж-25-3 тобының студенті

Гибрат

Ардагер ұстаз

Алаштың арысы Мағжан Жұмабаев айтқандай, алты алаштың басы қосылса, төрдегі орын – мұғалімдікі. Иә, әр оқушыны білім бәйгесіне қанат қақтырып, талабын ұштайтын – ұстаз. Ауданда саналы ғұмырын салаға арнап, зейнетке шыққан ұстаздар көп. Соның бірі кент тұрғыны – Мәриямкүл Тұңғышмұратова.

Сәрсенбі, тұсауа кейіпкерімізбен тілдесу үшін оның шаңырағына бет алдық. Ауласынан екі жасөспірімнің шығып келе жатқанын көріп, олардан «ардагер ұстаз Мәриямкүл апай осы үйде тұра ма?» деп сұрадық. Олар бірден «Иә, біздің апайымыз осында тұрады» деп жауап берді. Әлгі жігіттер шамамен мектеп оқушысы, ал кейіпкеріміз – ардагер ұстаз. Оларды Мәриямкүл апаймен не байланыстыратынын сұрастырдық. Сөйтсек оқушылар №201 мектеп-лицейінің түлектері екен. Олар ардагер ұстаздан білім алып, ұлттық бірыңғай тестілеуге дайындалу үшін аптасына 2 рет осында келетінін айтты.

Мәриямкүл Тұңғышмұратова саналы ғұмырын ұстаздық жолға арнап, 43 жыл шәкірт тәрбиелеген. Бүгінде ұл-қызынан нәмере сүйіп, 70 жастан асқан ардагер анамыз ұстаздық қызметтен әлі күнге қол үзбепті. Ол зейнеткерлікке шыққаннан кейін де жыл сайын түлектерді ұлттық бірыңғай тестілеуге дайындауды дәстүрге айналдырған.

Ол бала күнінен өзіне сабақ берген ұстаздарға қарап бой түзеп, ұлағатты ұстаз болуды мақсат еткен. Еңбек жолын алғаш бұрынғы Аққолқа ауылындағы алтын ұяда бастаған. Кейін ұстаздық қызметін Ақсу ауылындағы №116 орта мектепте жалғастырып, 1990-1991 оқу жылынан бастап 2017 жылға дейін кент орталығындағы Төмірбек Жүргенов атындағы №123 мектеп-лицейінде жұмыс жасаған.

Ұлағатты ұстаз оқушыларға биология пәнінен сабақ берген. Сондай-ақ шәкірттерін ғылыми жоба, олимпиадаларға жыл сайын тұрақты қатыстырып, оларды ұлттық бірыңғай тестілеуге дайындауда жоғары нәтижеге қол жеткізген. Бүгінде оның шәкірттері еліміздің әр ерінде сан салада қызмет етуде.

– Салада 43 жыл еңбек еттім. Осы жылдар ішінде тек 4 сыныпқа ғана жетекшілік жасадым. Себебі мен көбіне оқушыларды ұлттық бірыңғай тестілеуге дайындайтынмын. Қай жылы екені нақты есімде жоқ, бірақ №123 мектеп-лицейде еңбек етіп жүргенімде түлектердің 12-сі ҰБТ-да биология пәнін таңдайтынын айтты. Содан не көрек, оқушылармен күндіз-түні жұмыс жасап, оларды дайындадым. Нәтижесінде олар түгел медицина саласына оқуға түсті. Сонда жоғары оқу орнындағы ұстаздар таңқалып, «сөздерді кім дайындады?» деп шәкірттерімен сұраған екен. Расында сол кезде аядай ғана ауданның бір мектебінен 12 түлектің бір оқу орнына түскеніне біразы таңқалған еді. Зейнеткерлікке шыққаннан кейін де мектеп басшылығы осындай жетістігіме қарап, оқушыларды әрі қарай ҰБТ-ға дайындауға қолқа салды. Шүкір, еңбегім қайтты. Оқушылар жыл сайын ҰБТ-дан биология пәнінен өте жоғары балл жинады. Олардың басым көпшілігі медицина саласын таңдап, қазіргі таңда аудандық емханада дәрігер болып жұмыс жасауда. Қандайда бір жұмыспен бара қалсам, алдымнан жүгіріп шығып амандасып, хал-жағдайымды сұрап, мерекелерде құттықтап келіп тұрады. Бағбан өсірген гүлімен мақтанса, ұстаз тәлім-тәрбие берген шәкіртімен мақтанады, мен де шәкірттерімді әрқашан мақтан тұтамын, – дейді ол.

Жоғарыда атап өткенімдей, кейіпкеріміз әлі де ұстаздық қызметтен алыстамаған. Бүгінде ол кент орталығындағы алтын ұя шәкірттерінен бөлек, ауыл балаларын да ҰБТ-ға дайындап келеді. Ардагер ұстаз қазіргі таңда дайындыққа қолындағы смартфон арқылы онлайн курс сатып алып, бірақ ешқандай нәтижеге қол жеткізбеген жастар жиі



келетінін айтады. Сондықтан ол сұхбат барысында жас мамандарға түлектерді тек кітаппен дайындауға кеңес берді. Ал жастарға тест жауаптарын жаттаумен шектелмей, тақырыпты талдап, түсініп оқығанда ғана есте қалатынын қаперге салды.

Оның айтуынша, ҰБТ-дан жоғары балл жинаймын деген жастар дайындыққа 10-шы сыныптан бастап кірісуі қажет. Ал ол қазіргі көп түлектер дайындықты 11-ші сыныптың қаңтар айында бастайтынын айтады. Сондықтан жастарға дайындықты ерте бастау қажеттігін де тілге тиек етті.

Ардагер ұстаз қазіргі таңда 10 оқушыны ҰБТ-ға дайындайды. Олардың 6-ауы түлек болса, 4-еуі – 10 сынып оқушысы. Олар дайындыққа аптасына 2 рет, кейде 3 рет келеді.

– Мен 2007 жылы ұлттық бірыңғай тестілеуде биология пәнін таңдадым. Бұл пәнді таңдауға Мәриямкүл апайым сөп болды. Ол әр сабақты ерекше өткізіп, ұстаздық қызметке деген қызығушылығымызды арттырды. ҰБТ-ға күндіз-түні дайындап бар білгенімн үйретті. Сол кісінің талапшылдығының арқасында кітаптан бас алмай білім алып, тестте

келген 30 сұрақтың 30-ына да дұрыс жауап берген болатынымыз. Қазіргі таңда ұстазымыздың жолын әл-Фараби атындағы №201 мектеп-лицейде бастаушы пәнінің мұғалімі болып жұмыс жасаймын. Еңбек жолымда қандайда бір жетістікке жетсем, ол ең алдымен ұстазымыз арқасы деп білемін, – дейді ардагер ұстаздың шәкірті Әйгерім Пірманова.

Айта кетейік, ардагер ұстаз – 5 баланың анасы. Жолдасы кезінде құрылысы болып жұмыс жасаған. Өкінішке орай балаларының біреуі ерте өмірден өткен. Ал 4-еуі аналарының жолын қуып, бүгінде биология пәнінің мұғалімі болып еңбек етуде. Сондай-ақ 2 нөмересі де ардагер ұстаздың ізін жалғаған. Өмірі ұстаздық қызметпен өрілген кейіпкеріміздің еңбек жолы өнегеге толы. Қаншама шәкірттің жүрегінен орны алып, оларға бағдаршам іспетті дүріс бағыт-бағдар берген ол – шәкірттерінің де, ұрпағының да бойына білім мен қатар асыл қасиеттерді сіңірген ұлағатты жан.

**Сейда ЖОЛАМАНОВА,
Қорқыт ата атындағы
Қызылорда университеті
Ж-25-5 оқу тобының студенті**

Мектеп мақтанышы

Білім мен бәсеке қатар жүрген бүгінгі заманда әрбір шәкірттің жетістігі – ұстаз еңбегінің жемісі, ата-ана үмітінің ақталғаны, ел ертеңіне деген сенімнің нығайғаны. Осындай қуанышты жаңалықтың бірі Аламесек ауылынан жетті. №124 орта мектептің түлегі Айжан Болатбек ұлттық бірыңғай тестілеуден 128 балл жинап, ауылдың ғана емес, аудан мерейін асқақтатты.

ҰБТ-дан 128 балл жинады



Бұл – тек бір күндік нәтиже емес, жылдар бойы үздіксіз ізденістің, маңдай тер мен табандылықтың, ұстаз бен шәкірт арасындағы сенімнің жемісі. Айжанның жетістігі – ауыл мектебінде білім алып жүрген көптеген оқушыға үлгі боларлық нәтиже.

Айжан Раисбекқызы мектеп қабырғасынан бастап білімге құштар, алғыр оқушылардың қатарынан көрініп келеді. Ол – тек сабақ үлгерімімен ғана емес, қоғамдық-мәдени шаралардағы белсенділігімен де ерекшеленген шәкірттің бірі. Әсіресе әдебиетке деген сүйіспеншілігі оны көптеген байқауларда топ жаруға жетеледі. Атап айтқанда, аудандық «Мұқағали оқулары» байқауында II орын иеленіп, көркем сөзге деген талғамы дәлелдесе, тарих пәні бойынша аудандық олимпиаданы II орын алып, жан-жақты білімін көрсете білді. Бұл жетістіктің барлығы оның ізденімпаз әрі талапшыл оқушы екенін аңғартады.

«Әдебиет – ардың ісі» дейді Зейнолла Қабдолов. Айжан да болашақ мамандығын таңдауда жүрек қалауына жүгінген. Оның таңдау пәні – қазақ тілі мен әдебиеті. Қазіргі таңда бұл пәнді көз келген талапкер таңдай бермейді. Себебі әдебиет – жай ғана пән емес, руханияттың өзегі, адам жанын тәрбиелейтін үлкен өлем.

– Мен үшін әдебиет ерекше құдірет сөздік. Бұл пәнді өз жүрегімнің қалауымен таңдадым. Әдебиет адамды терең ойлауға, сезіне білуге үйретеді. Сондықтан өз болашағымды осы саламен байланыстыруды жөн көрдім, – дейді Айжан Болатбек.

Ол ҰБТ-ға нақты дайындықты 2025 жылдың шілде айында бастағанымен, негізі 10-сыныптан қаланғанын айтады. Сол уақыттан бастап ұстазы Зухра Тоқшылықовамен бірге дайындалып, білімін жүйелі түрде жетілдірген.

– Менің ұстанымым «аз-аздан үздіксіз» болды. Өйткені бір күнде көп оқып, кейін шаршап қалудан күн сайын тұрақты дайындалу әлдеқайда тиімді. ҰБТ – тек білімнің емес, тәртіп пен тәртіптің де сыналасты алаңы. Сондықтан өз-өзімді тәртіпке баулуға тырыстым, – дейді Айжан Болатбек.

Шынында, үлкен жетістікке жеткізетін басты қасиеттің бірі – тұрақтылық. Айжанның нәтижесіне қарап, үздіксіз еңбектің түбі міндетті түрде жемісін беретінін аңғаруға болады. Ол дайындықта тек мектеп бағдарламасымен шектелмей, қосымша онлайн оқу орталықтарында білім алған. Бұл оның уақытты тиімді пайдаланып, заманауи мүмкіндіктерді дұрыс игере білгенін көрсетеді.

Әрбір шәкірттің өмірінде бағыт-бағдар беретін ұстаздың орны ерекше ықпалмен жеткізеді. ҰБТ-дан кейін біздің нәтижесімізге шынайы қуанып тұрғанын көргенде, еңбегіміздің ақталғанын сезіндік, – дейді Айжан Болатбек.

Ұстаз бен шәкірт арасындағы сенім – үлкен жеңістің бастауы. Айжанның сөзінен оның мұғалімдеріне деген шынайы құрметі мен алғысын анық байқауға болады.

ҰБТ – әр талапкер үшін маңызды белес. Бірі қобалжиды, бірі өзіне сенімсіздік танытады. Ал Айжан бұл сынаққа сабырмен қарауға тырысқанын айтады.

– ҰБТ-ға кірер алдында қатты қобалжу болған жоқ. Керісінше көзді ашып-жұмғанша өте шыққан он айлық дайындық уақыты есімге түсті. Сурақтарды көрген кезде уақытында оқып, еңбектенгеніме қуандым. Кей сурақтарды көргенде «осыны өткен едім» деп іштей сенімді болдым, – дейді Айжан Болатбек.

Бұл сөздердің астарында үлкен дайындық пен өз-өзіне деген сенім жатыр. Себебі нағыз еңбек еткен адам ғана емтихан сәтінде сабыр сақтай алады. Айжан үшін ең күрделі пәнін бірі математикалық сауаттылық болған. Дегенмен ол қиындықтан қашпағанын, қайта сол әлсіз тұсын жетілдіруге күш салғанын айтады.

– Маған ең қиыны математикалық сауаттылық болды. Бірақ «қиын екен» деп тоқтап қалмадым. Оқи берсем, түбінде нәтижеме болатынына сендім. Кейде бір есепті бірнеше рет шығарып отыратыным. Сол еңбектің бәрі бүгін өз жемісін берді деп ойлаймын, – дейді Айжан Болатбек.

Шын мәнінде жетістікке жеткен жанның барлығы бірден мықты болып кеткен жоқ. Олар әлсіз тұстарымен жұмыс істеп, өздерін жеңе білді. Айжан да сондай талапты жастардың қатарынан көрінді.

Бүгінде аудан мақтанышына айналған жас түлектің алға қойған үлкен мақсаты бар. Ол болашақта елорда тәртіпке белді оқу орнының бірі Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде білім алуды армандайды.

– Мен болашақта Астана қаласындағы Еуразия ұлттық университетіне түсуді қалаймын. Өзім сүйетін саланың маманы болып, қазақ тілі мен әдебиетінің дамуына үлес қосқым келеді, – дейді Айжан Болатбек.

Бұл – тек бір талапкердің арманы ғана емес, елдің руханиятына қызмет етсем деген жас жүректің шынайы тілегі. Айжанның бүгінгі жетістігі – отбасының қолдауы, ұстаздарының еңбегі және өзінің табандылығының нәтижесі. Осындай білімді, мақсатшыл жастар бада ел болашағының жарқын болары анық.

Жалағаш топырағынан шыққан талапты түлекке алдағы уақытта да талағай табыс тілейміз. Арманы асқақ, мақсаты айқын жас өрнеңің мемлекеттік грант игеріп атып, биік белестерді бағындырғаны жөн. Себебі білімді ұрпақ – елдің ең үлкен байлығы. Ал сол байлықтың жарқын көрінісі – Айжан сынды талапты жастар.

**Маржан БАҚЫТЖАНҚЫЗЫ,
Қорқыт ата атындағы
Қызылорда университеті
Ж-25-3 тобының студенті**

Бәрекедді!

Білім бәйгесінде бағы жанған

«Білімді ұрпақ – ұлт болашағы» деген тағылымды сөздің мәнін терең түсінген жас буынның бірі – Дидар Шора. Қарапайым ауыл мектебінде білім алып жүріп-ақ, талмай ізденудің, тынымсыз еңбектің арқасында биік белестерді бағындырған талапты жас бүгінде қатарластарына үлгі болып отыр. Оның әрбір жетістігі – маңдай тердің, ұстаз сенімінің және мақсатқа деген адалдықтың нәтижесі.



де II орын алуы оның тарих пәніне деген ерекше қызығушылығын айқындап тұр.

Дидардың білімге деген құштарлығы мен еңбекқорлығы – көпке үлгі. Ол жетістікке жетудің оңай емесін жақсы түсінеді. Таңсәріден ерте тұрып, уақытпен санаспай дайындалу оның күнделікті әдетіне айналған. Демалыс және мерекелер күндері де мектепке келіп, дайындықтан қол үзбеген шәкірттің табандылығы талай жанды сүйсіндіреді.

– Таңсәріден ерте тұрып, тыңғылықты дайындағанның нәтижесі деп білемін. Жетекшім Айгүл Нариманқызы алаймы алығым шексіз. Мектептен тыс уақытта да бізбен жұмыс жасап, бағыт-бағдар береді. Ұстаздарымыздың еңбегі зор, – дейді оқушы.

Шәкірт жүрегінен шыққан бұл сөздер ұстаз еңбегінің өлшеусіз екенін тағы бір мәрте дәлелдейді. Расында оның жетістігінің артында әрдайым ізденімпаз ұстаз тұрады. Ұстаз бен шәкірт арасындағы сенім мен сыйластық үлкен нәтижеге бастайтыны анық.

Дидардың жетекшісі Айгүл Нариманқызының да еңбегі ерекше. Ұстаздың шәкірт бойындағы қабілетті танып, оны шыңдай білуі – кәсіби шеберліктің белгісі. Ол тек білім беріп қана қоймай, шәкіртіне сенім ұялатып, үлкен мақсаттарға жетеледі білді. Осындай жанажырлық пен талаптың арқасында оқушысы өз мүмкіндігін толық аша алды.

Айгүл Нариманқызы – ізденісті өмірлік ұстанымына айналдырған шығармашыл педагогтің бірі. Оның кәсіби біліктілігі мен жанаңшыл ізденісі түрлі байқаулар мен педагогикалық алаңдарда жоғары бағаланып келеді. Атап айтқанда, «Педагогикалық идеялар панорамасы» республикалық байқаудың облыстық кезеңінде «Цифрлық сауаттылық» аталымы бойынша II орын иеленуі – оның заман талабына сай технологияларды тиімді меңгергенінің айқын дәлелі. Сонымен қатар «Педагогикалық идеялар фестивалі» республикалық конкурсының аудандық кезеңінде «Шеберлік палитрасы» бағыты бойынша жүлделі III орын алуы да оның шығармашылық әлеуетін танытады. Бұл жетістік – оның тек теориялық біліммен шектелмей, тәжірибеде де жанаңшыл әдістерді сәтті қолдана білетінін көрсетеді.

Ұстаз еңбегі мұнымен шектелмейді. Орта білім беру ұйымдары педагогтері арасында өткен «Креативті ұстаз – 2025» республикалық сырттай байқауында «Үздік бейнесабақ» бағыты бойынша I орын иеленуі оның кәсіби шеберлігін айшықтай түсті. Бұл байқаудағы жеңіс – білім берудегі тың идеялар мен креативті әдістердің нәтижесі. Сондай-ақ көрнекті қайраткер, ғалым Ермұхан Бекмахановтың 110 жылдығына арналған «Е.Бекмахановтың тарихи таңбалымыз: ұлт тарихы және ұлттық қағидалықтар» атты республикалық пе-

дагогикалық оқуларында «Білім беру сапасын қамтамасыз етудегі және нәтижелерін бағалаудағы ақпараттық технологиялар мен жасанды интеллект» бағыты бойынша озық әдістемелік тәжірибесімен бөлісіп, I дәрежелі дипломмен марапатталуы ұстаздың білім кеңістігіндегі беделін айқындай түсті.

Осындай шығармашыл әрі ізденімпаз ұстаздан тәлім алған шәкірттің де биік белестерді бағындыруы заңдылық. Себебі ұстаздың өз кәсібіне деген адалдығы мен жауапкершілігі шәкірт бойынан да көрініс табады. Дидар Шора білім жетістігін болашақ бұныға үлгі етісті келеді. Ол артынан өрген іні-қарындастарына да осы жолды тілейтінін ерекше тебіреніспен жеткізді.

– Адам мақсат қоя білсе, оған жетуге болады. Ең бастысы, ерінбей еңбек ету. Болашақта мен де ұстаз болып, балаларға білім бергім келеді, – дейді талапты түлек.

Оның арманы – Астана қаласындағы Лев Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетіне оқуға түсу. Бұл арман – үлкен мақсаттың бастауы. Елорданың беделді оқу орнында білім алып, кейін туған елге қызмет ету – Дидардың жүрек түкпіріндегі ұлы мұраты.

Бүгінде ауыл жастары арасында білімге деген құштарлық артып келеді. Соның жарқын дәлелі – Дидар Шора секілді талапты оқушылар. Ол ауыл мектебінде шықса да, биік белестерді бағындыруға болатынын дәлелдеп жүр. Мұндай жастар – ел ертеңінің сенімді тірегі.

Дидардың жетістігі тек диплом мен марапаттың жиынтығы емес. Бұл – табандылықтың, тәртіптің, еңбекқорлықтың жемісі. Әрбір жетістіктің артында ұйқысыз түндер, үздіксіз ізденіс, уақытпен санаспай жасалған еңбек жатыр. Сондықтан оның жеңісі – шынайы мағынадағы маңдай тердің жемісі.

Қазақ халқы қашанда білімді ұрпақты ұлт болашағы деп бағалаған. Алаш арисыртары да елді өркеніетке бастайтын күш білім екенін айтқан. Бүгінгі жас буын сол аманатқа адал болып келеді. Шора Дидар сынды талапкерлердің жетістігі – оның айқын дәлелі.

«Мақсатың айқын болса, арманың орындалады» дейді дана халқымыз. Дидардың өмір жолы осы сөздің шындық екенін дәлелдеп тұрғандай. Арманға адалдық, ұстаза құрмет, білімге деген құштарлық оны биікке жетеледі. Осындай дарынды жастардың қатары көбейсе, ел болашағының жарқын болары анық. Ұстаз бен шәкірт арасындағы сенім мен еңбектің нәтижесінде туған бұл жетістік талай жасқа шабыт сыйлары сөзсіз. Білім бәйгесінде бағы жанған Дидардың алар асуы өлі алда.

Ләззат ҚАЗМАҒАНБЕТОВА

Меншік иесі:



жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Марат АРАЛБАЕВ

Жалағаш аудандық
“Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясы

Бас редактор
Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар:
Бас директор - 8(7242) 70-00-56
Бас редактор - 32-0-41
Бас редактордың орынбасары,
жауапты хатшы,
бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.

“Жалағаш жаршысы” аудандық газеті КР СТ ISO 9001:2015 (ISO 9001:2015) “Сапа менеджменті жүйелері” талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.

Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Қолжазбалар оңделеді және кері қайтарылмайды.
Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сәнімерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел.: 8(7242) 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 нөміс 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 2983 Тапсырыс №904